

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары	2	Постановления судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан	2
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....	29	Постановления судебной коллегии по гражданским делам Верховного Суда Республики Казахстан	29
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қаулылары.....	66	Постановления судебной коллегии по административным делам Верховного Суда Республики Казахстан	66

**Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер
жөніндегі сот алқасының қаулыларынан үзінділер**

**Извлечения из постановлений судебной коллегии по уголовным делам
Верховного Суда Республики Казахстан**

Жаза тағайындау

**Жергілікті соттар сотталушының қылмыстық
жауаптылығы мен жазасын ауырлататын,
жеңілдететін мән-жайларды толық ескермеген**

2023 жылғы 31 қаңтар

№ 2уп-368-22

Жетісу облысы Панфилов аудандық сотының 2022 жылғы 26 тамыздағы үкімімен:

Т. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 188-бабы төртінші бөлігінің 3) тармағымен 6 жыл 6 айға бас бостандығынан айыруға, жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеуге сотталған.

Т.-дан «М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – ЖШС) пайдасына 19 305 951 теңге мүліктік залал және жәбірленушінің өкіліне заң көмегін көрсеткені үшін төленген 300 000 теңге, мемлекет пайдасына 579 179 теңге мемлекеттік баж және Жәбірленушілердің өтемақы қорына 58 340 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Сот үкімімен Т. аса ірі мөлшердегі бөтен мүлікті жасырын жымқырғаны үшін кінәлі деп танылған.

Жетісу облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 11 қазандағы қаулысымен үкім өзгертілген. Т.-ның қылмыстық әрекеті ҚК-нің 188-бабы төртінші бөлігінің 3) тармағынан ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағына қайта сараланып, оған осы бап бойынша 4 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Т.-дан «М» ЖШС-ның пайдасына өндірілген мүліктік залалдың сомасы 5 149 655 теңгеге, мемлекет кірісіне өндірілген мемлекеттік баж сомасы 154 490 теңгеге төмендетілген. Үкімнің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылған.

Т. сот актілерінде сипатталған мән-жайда қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны басты сот талқылауында объективті зерттелген және тиісті құқықтық баға берілген дәлелдемелермен толық бекітілген және өтінішхатта дауланбайды.

Апелляциялық сатыдағы сот Т.-ның қылмыстық іс-әрекетін ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағымен дұрыс саралаған.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – Нормативтік қаулы) 3-тармағына сәйкес соттар сотталушының жеке басына қатысты мәліметтердің жазаның түрі мен мөлшерін белгілеу үшін елеулі мәні бар екенін назарға ала отырып, оларды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге тиіс. Атап айтқанда, сотталушының денсаулығын, еңбекке қабілеттілігін, еңбекке, білімге көзқарасын, соттылығы және отбасылық жағдайы туралы мәліметтерді анықтау қажет. Соттар жаза тағайындаған кезде ҚК-нің 52-бабының үшінші бөлігіне сәйкес тағайындалған жазаның сотталушының отбасының және оның асырауындағы адамдардың тұрмыс жағдайына ықпалын ескерулері қажет.

Нормативтік қаулының 6-тармағына сәйкес, егер адамды кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясы жазалардың баламалы түрлерін көздесе, ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілірек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жазаның неғұрлым қатаң түрі қолданылатынын назарда ұстай отырып, соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілірек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылағандары жөн. Сот шешімі үкімде уәжделуге тиіс.

Сотталған Т. кінәлі деп танылған ҚК-нің 188-бабының үшінші бөлігінің санкциясымен бас бостандығынан айыру жазасынан басқа екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы да көзделген.

Адвокат өтінішхатында сотталған Т.-ның жасаған қылмысын мойындап, әрекетіне шын өкінетінін, бұрын сотталмағанын, жалғыз қалған анасының асыраушысы болып табылатынын көрсеткен, сондай-ақ сотталған қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген залалдың орнын толық толтырған.

Жәбірленушінің өкілі О.-ның хабарламасында сотталған Т.-ның қылмыстық әрекетімен келтірілген материалдық шығын толық өтелгенін, ЖШС-ның тарапынан оған қояр талап-тілегінің жоқтығын және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жеңіл жаза тағайындауға қарсы еместігін көрсеткен.

Бұған қоса, іс бойынша сотталғанның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмаған.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі кассациялық сот алқасы сотталушы Т.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертіп, ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің 1) тармағы бойынша 4 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын

шектеу жазасы тағайындалып және сол мерзімге пробациялық бақылау орнатылды.

ҚК-нің 44-бабына сәйкес сотталған Т.-ға пробациялық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға тіркелу және оған хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын ауыстырмау, ойын-сауық орындарына бармау, отбасына материалдық қолдауды жүзеге асыру міндеттері жүктелді.

Сотталған Т. қамаудан дереу босатылды.

ҚК-нің 62-бабы 3-1-бабының 2) тармағы негізінде сотталған Т.-ның үкім заңды күшіне енгенге дейін 2022 жылғы 17 ақпаннан 2022 жылғы 11 қазан аралығында күзетпен ұстау уақытының бір күні бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің екі күніне есептелді.

Сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, адвокат Т.-ның өтінішхаты қанағаттандырылды.

Жаза тағайындау

**«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы»
Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 7 желтоқсандағы
№ 81-VII Заңының 2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы
негізінде сотталушы жазаны өтеуден босатылды**

2023 жылғы 10 қаңтар

№ 2уп-314-22

Алматы облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2022 жылғы 1 ақпандағы үкімімен:

Ш. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 104-бабының бірінші бөлігімен 1 жыл 6 айға бас бостандығын шектеуге сотталған.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес жазаны өтеуден босатылған.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 35-бабы бірінші бөлігінің 3) тармағына сай рақымшылық жасау актісін қолдану нәтижесінде қылмыстық іс тоқтатылған.

Ш.-дан Жәбірленушілерге өтемақы қорына 29 170 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Іс бойынша заттай дәлелдемелердің мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚПК) 118-бабында белгіленген тәртіппен шешілген.

Сот үкімімен Ш. жәбірленушіні абайсызда қазаға ұшыратқаны үшін кінәлі деп танылған.

Алматы облыстық соты қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 7 сәуірдегі қаулысымен сот үкімі өзгеріссіз қалдырылған.

Бас Прокурор наразылығында соттың тұжырымы істің нақты мән-жайларына сәйкес келмейтінін және істі қарау барысында қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауының салдарынан Ш.-ның іс-әрекеті дұрыс сараланбағанын көрсете отырып, сот актілерінің күшін жойып, істі апелляциялық сатыдағы сотқа қайта қарауға жіберуді сұраған.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы Ш.-ны оның жәбірленуші А.-мен төбелесу барысында соңғыға бірнеше рет пышақпен соққы жасауының салдарынан оны қасақана қазаға ұшыратқаны үшін ҚК-нің 99-бабының бірінші бөлігімен айыптап, сотқа берген.

Басты сот талқылауында анықталғандай, Ш. мас күйдегі жәбірленуші А.-мен төбелесіп, оны мойнынан қылқындыра бастаған. Ш. қарсылық көрсетіп, одан құтылу үшін қолындағы пышақпен сермеген. Жарақат алған А. сотталған Ш.-ның мойнынан қылқындыруын тоқтатпаған. Күші жетпеген Ш. артында тұрған диванға құлаған кезде А. оның үстіне құлаған. Осы кезде Ш.-ның қолындағы пышағы А.-ның кеудесіне еніп, соңғының жүрегін жарақаттаған.

Осы ретте, бірінші сатыдағы сот Ш.-ның қылмыстық іс-әрекетін А.-ны абайсызда қазаға ұшыратқан деп ҚК-нің 104-бабының бірінші бөлігімен қайта саралаған.

«Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының (бұдан әрі – Нормативтік қаулы) 2, 20-тармақтарына сәйкес, заң талаптары сақтала отырып жиналған және тікелей сот отырысында толық, объективті және жан-жақты зерттеліп, талданған әрі тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген, сот түйіндері уәждеделген үкім негізді болып табылады.

Бұл ретте, бірінші сатыдағы сот іс бойынша сұралған жәбірленушінің, сотталғанның біркелкі жауаптарын, сот тергеуінде анықталған мән-жайларды және жинақталған дәлелдемелерді өзара салыстырмай, негізсіз тұжырым жасауының салдарынан сотталғанның іс-әрекетін дұрыс сараламаған.

ҚПК-нің 393-бабының үшінші бөлігінде айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол сот талқылауы барысында сотталушының қылмыстық құқық бұзушылық жасауға кінәлілігі соттың зерттеген дәлелдемелерінің жиынтығымен расталған жағдайда ғана шығарылады делінген.

ҚПК-нің 19-бабына сәйкес, ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының кінәлілігіне сейілмеген күмән олардың пайдасына түсіндіріледі. Айыптау үкімі болжамдарға негізделе алмайды және ол жол берілетін және анық дәлелдемелердің жеткілікті жиынтығымен расталуға тиіс.

Алайда осы қылмыстық іс бойынша Ш.-ның әрекетінде ҚК-нің 104-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығы туралы соттың анықтаған мән-жайлары расталмайды.

«Қажетті қорғану туралы заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысының 5, 10-тармақтарына сай шабуыл жасаушының қасақана немесе абайсыз әрекеттерімен зиян келтіріліп болғанда ғана емес, зиян келтіру әлі басталмаған, бірақ нақтылы келтірілу қаупі төнген кезде, сондай-ақ негізінен аяқталған, бірақ істің мән-жайларына қарай қорғанушы үшін оның қай сәтте аяқталғаны айқын болмаған қол сұғушылықтан кейін іле-шала жалғасқан қорғану кезінде қажетті қорғануға жол беріледі. Қоғамға қауіпті қол сұғушылықтың дәрежесі оның сипатына, сондай-ақ шабуыл жасаушылардың қарқынына, олардың санына, жас ерекшеліктеріне, қаруларының бар-жоғына және басқа да нақты мән-жайларға қарай анықталады.

Сот отырысында берген жауабында сотталған Ш. жәбірленуші А. оқиға болған күні қатты масаң күйде үйге келгендіктен, әйелі Б. жәбірленушіні үйден қуып жібергенін, кейін асханада пышақпен пияз тазалап жатқанда А. үйге қайта оралғанын, үйге кіргізбеу мақсатында есікті жапқанда құлағанын, өз кезегінде жәбірленуші оның жағасынан екі қолымен ұстап, қылқындырып, оның әрекеттерін тоқтатуын сұрауына қарамастан, оны сүйрелеп, үйден аулаға шығарып, оны ұра бастағанын, ол босатылуына әлі жетпей, соққылардан қорғанып, қолында болған пышақпен сермей бергенін, кейін аулада тұрған диванға бірге құлағандарын, сосын А. тез тұрып, жұдырығын түйіп оны ұрайын деп оған қарай келе жатып жерге құлағанын, сол кезде оның денесіндегі қанды көріп, көрші үйге барып жедел-жәрдем шақыртуды сұрағанын көрсеткен.

Сотталғанның бұл айғақтары басты сот талқылауында зерттелген айғақтармен өз дәлелін тапқан.

Жәбірленуші Б. сотталған Ш.-мен 1994 жылдан бері азаматтық некеде тұратындарын, ұлы ішімдікке салынып кеткенін, үнемі дене жарақаттарын алып келетінін көрсетіп, сотталғанның жауаптарын толық растаған.

Іс бойынша өткізілген сот-медициналық сараптама қорытындысына сәйкес А.-ның өліміне себеп болған дене жарақаттары ауыр дәрежедегі зиян қатарына жатқызылған.

Ш.-ның алкогольді масаң күйдегі жәбірленуші оның мойнынан қылқындырып, өміріне қауіп төндірген заңсыз әрекетін тоқтату үшін қорғанғаны оның адам өлтіруге ниетінің болмағанын білдіреді.

Істің мұндай тұрғысында, сот алқасы Ш.-ның әрекеті қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде абайсызда жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіру салдарынан қазаға әкеп соққандықтан ҚК-нің 112-бабының екінші бөлігімен қайта саралануға, Бас Прокурордың наразылығы ішінара қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

ҚК-нің 11-бабының екінші бөлігіне сәйкес Ш.-ның әрекеті онша ауыр емес қылмыстар санатына жатады.

Сот алқасы Ш.-ға жаза тағайындағанда қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамға қауіптілік дәрежесін, кінәлінің жеке басын, оның құқық бұзушылық жасағанға дейінгі және одан кейінгі мінез-құлқын және бұрын сотталмағанын, қылмыстық жауаптылығы мен жазаны жеңілдететін мән-жайларды, жәбірленушінің оны кешіргенін ескеріп, жазаның бұл түрі оның түзелуіне және жаңа қылмыстардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті, әрі әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және жазаның мақсатына жетуді қамтамасыз ете алады деп есептеп, ҚК-нің 55-бабы екінші бөлігінің 1) тармағының талаптарын басшылыққа алып, ҚК-нің 112-бабының екінші бөлігінде көзделген ең жоғары жаза мерзімінің жартысынан аспайтын мерзімге жаза тағайындау қажет деп санайды.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» 2021 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қылмыстық жауаптылықтан немесе негізгі жазадан онша ауыр емес қылмыстар жасаған адамдар босатылады.

Нормативтік қаулының 8-тармағында, егер үкімді шығарған кезде жасаған қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталушыға тағайындалған жазаны қолданудан немесе жазаны өтеуден босататын рақымшылық жасау актісі шығарылса, онда ҚПК-нің 393-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес айыптау үкімімен қылмыстық жаза тағайындалып, оны өтеуден босатылады делінген.

Сот алқасы жоғарыда көрсетілген заң талаптарын басшылыққа алып, Ш.-ның жасаған қылмысының онша ауыр емес қылмыстар санатына жататынын ескеріп, оған қатысты айыптау үкімін жазаны тағайындап және одан босата отырып шығару қажет деп есептейді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған Ш.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертті.

Ш.-ның қылмыстық әрекеті ҚК-нің 104-бабының бірінші бөлігінен ҚК-нің 112-бабының екінші бөлігіне қайта сараланып, осы бап бойынша 1 (бір) жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 7 желтоқсандағы № 81-VII Заңының 2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасы негізінде Ш. жазаны өтеуден босатылды.

Сот актілерінің қалған бөліктері өзгеріссіз қалдырылып, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы ішінара қанағаттандырылды.

Жаза тағайындау

Жергілікті соттар сотталушыға жазаның түрі мен мөлшерін тағайындау кезінде ҚК-нің 52-бабының талаптарын толық ескермеген

2023 жылғы 28 ақпан

№ 2уп-35-23

Түркістан облысы Сарыағаш аудандық сотының 2022 жылғы 18 сәуірдегі үкімімен:

А. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 188-бабы үшінші бөлігінің 2), 3) тармақтарымен 3 жылға бас бостандығынан айырылған.

Жазасын қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемесінде өтеу тағайындалған.

Жазаны өтеу мерзімі 2022 жылғы 18 сәуірден бастап есептелген.

ҚК-нің 62-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағына сәйкес А. сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде 2022 жылғы 15 қаңтар - 20 қаңтар аралығында және 2022 жылғы 18 сәуірден бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстауда болған уақытының бір күні бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеудің бір жарым күні есебімен жазаның өтелген мерзіміне есепке жатқызылған.

А.-ның атына тіркелген Сарыағаш ауданы, Дербісек ауылы, Т. көшесі, № 78 үй кепілден және тыйым салудан босатылған.

А.-дан Жәбірленушілердің өтемақы қорына 61 260 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Заттай дәлелдемелердің мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабына сәйкес шешілген.

Сот үкімімен А. адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен үй-жайға заңсыз кіріп, бөтеннің мүлкін бірнеше рет жасырын жымқырғаны үшін кінәлі деп танылған.

Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен үкім өзгеріссіз қалдырылған.

Бірінші сатыдағы сот А.-ның қылмыстық іс-әрекетін ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің 2), 3) тармақтарымен дұрыс саралаған.

Алайда сот А.-ға жазаның түрі мен мөлшерін тағайындау кезінде ҚК-нің 52-бабының талаптарын толық ескермеген.

«Қылмыстық жаза тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысының 6-тармағына сәйкес, егер адамды кінәлі деп таныған ҚК-нің бабының санкциясы жазалардың баламалы түрлерін көздесе, ҚК-нің 52-бабының екінші бөлігіне сәйкес, жазаның неғұрлым жеңілрек түрі жазалаудың мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана жазаның неғұрлым қатаң түрі қолданылатынын назарда ұстай отырып, соттар олардың ішінен жазаның неғұрлым жеңілрек түрін тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені талқылағандары жөн. Сот шешімі үкімде уәжделуге тиіс.

Сотталған А. кінәлі деп танылған ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің санкциясында баламалы, яғни екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасынан басқа сол мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы көзделген.

Қылмыстық істің құжаттарына қарағанда, басты сот талқылауында жәбірленушілер Е., Ю., С. сотталған А.-ның өздеріне келтірген материалдық залалдың орнын толтырғандықтан, соңғыға кешірім бергендерін көрсетіп, бас бостандығынан айырмайтын жаза тағайындауды сұраған.

Сонымен қатар қылмыстық іс-құжаттарынан А.-ның бұрын сотталмағаны, қоғамға қауіп төндірмейтіндігі, келтірілген материалдық залалды толық өтегендігі, жасаған қылмыстық әрекеттерін толығымен мойындап, шын жүректен өкінетіндігі, алғаш рет қылмыстық жауаптылыққа тартылып отырғаны, тұрғылықты жері бойынша жағымды мінезделетіні, асырауында үш - 2018, 2020 және 2022 жылы туған балаларының бары анықталды.

Бұған қоса, іс бойынша сотталғанның қылмыстық жауаптылығы мен жазасын ауырлататын мән-жайлар анықталмаған.

Істің мұндай тұрғысында, алқа сотталған А.-ға бас бостандығын шектеу жазасын тағайындау мүмкін деп санайды.

ҚК-нің 44-бабының талаптарына сәйкес тағайындалған жазаның барлық мерзіміне пробациялық бақылау белгіленуге жатады.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған А.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгертті.

А.-ға ҚК-нің 188-бабы үшінші бөлігінің 2), 3) тармақтары бойынша 3 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды және сол мерзімге пробациялық бақылау белгіленді.

ҚК-нің 44-бабына сәйкес сотталған А.-ға пробациялық бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға тіркелу және оған хабарламай, тұрақты тұрғылықты жерін, жұмысын ауыстырмау, ойын-сауық орындарына бармау, отбасын материалдық қолдау, жергілікті атқарушы органдар айқындайтын орындарда жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартылу міндеттері жүктелген.

А. қамаудан дереу босатылды.

ҚК-нің 62-бабы үшінші, бірінші бөлігінің 2) тармағы негізінде сотталған А.-ның 2022 жылғы 15 қаңтар - 20 қаңтар аралығында және 2022 жылғы 18 сәуірден бастап үкім заңды күшіне енгенге дейін күзетпен ұстауда болған уақытының бір күні бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеудің екі күніне есептелді.

Сот актілерінің қалған бөлігі өзгеріссіз қалдырылып, сотталған А.-ның өтінішхаты қанағаттандырылды.

Сот үкімнің заңдылығы мен негізділігі

**Азаматтарға күш қолданумен, бөтеннің мүлкін
бүлдірумен не ерекше арсыздығымен ерекшеленетін
әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан, қоғамды көрінеу
құрметтемеуді білдіретін қоғамдық тәртіпті бұзу қоғамдық
тәртіпті тым өрескел бұзушылық деп дұрыс танылған**

2023 жылғы 28 ақпан

№ 2уп-37-23

Шымкент гарнизоны әскери сотының 2021 жылғы 19 қарашадағы үкімімен:

А. бұрын сотталмаған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 293-бабының бірінші бөлігімен 2 жылға бас бостандығы шектеліп, ҚК-нің 44-бабының талабына сай пробациялық бақылау тағайындалған.

Сотталған А.-дан 840 теңге 50 тиын процестік шығын, Жәбірленушілердің өтемақы қорына 10 айлық есептік көрсеткіш, яғни 29 170 теңге мәжбүрлі төлем өндірілген.

Айғақ заттардың мәселесі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабы үшінші бөлігінің талабына сәйкес шешілген.

Сот үкімімен А. 2021 жылғы 9 маусымда тас жолда көлікпен келе жатқанда жәбірленуші Х.-ның жол бермегенін сылтау етіп, Түркістан облысы Сарыағаш ауданында Жібек жолы мен Дихан баба ауылдарын қосатын көпірдің жанындағы «Сарыағаш-Шымкент» тас жолының бойында орналасқан «Адал» жанар-жағармай құю бекетінде қоғамды анық құрметтемеуді білдіріп, көпшіліктің көзінше оған күш қолданып, балағат сөздер айтып, металл орындықты жәбірленушіге қарай лақтырып, сол қол жұдырығымен Х.-ның оң жақ көзінің қабағына соққы жасап, жәбірленушінің денсаулығына жеңіл дәрежедегі зиян келтіргені үшін кінәлі деп танылған.

Қазақстан Республикасы Әскери сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының 2022 жылғы 9 ақпандағы қаулысымен сот үкімі өзгертіліп, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» Заңның 2-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес А. тағайындалған бас бостандығын шектеу түріндегі жазадан босатылған.

Бас Прокурор наразылығында А.-ның әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылықтың болмауына байланысты сот актілерінің күшін жойып, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуды сұраған.

Алайда, наразылықта көрсетілген қылмыстық іс бойынша сотталған А.-ның кінәсін растайтын анық және жеткілікті дәлелдемелер жоқ деген уәж негізсіз болып табылады.

Сотталған А.-ның қылмыстық әрекеті өз кінәсін мойындаған жауабымен, жәбірленуші Х.-ның, куәлар Ч., Н., С., А.-лардың жауаптарымен, оқиға болған жерді қарау, оқиға болған күні жанар-жағармай құю бекетінде жазылған бейнетаспаны қарап-тексеру, беттестіру хаттамаларымен, жәбірленуші Х.-ның оң жақ қабағы мен қасының тұсына соғылған жарақат түрінде денсаулығына жеңіл дәрежеде зиян келтірілгені туралы 2021 жылғы 4 тамыздағы № 580 сот-медициналық сараптама қорытындысымен және қылмыстық істегі өзге де дәлелдер жиынтығымен толық бекиді.

«Бұзақылық жөніндегі істер бойынша сот практикасы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 12 қаңтардағы № 3 нормативтік қаулысының 2 және 5-тармақтарына сәйкес қоғамдық орындарда балағат сөздер айту, жеке адамдарға кемсітушілікпен тиісу, тұрғын үйлерді, көпшілік орындарды ластау және айналасындағы адамдарды құрметтемеуді білдіретін, қоғамдық тәртіпті бұзатын және жеке адамдардың мазасын алатын осындай басқа да әрекеттер күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен ұштасқан жағдайларда, олар әкімшілік құқық бұзушылықтың

шегінен шығады және қылмыстық жазалауға жататын бұзақылық құрамын құрайды.

Азаматтарға күш қолданумен не оны қолданамын деп қорқытумен, бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не ерекше арсыздығымен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан, қоғамды көрінеу құрметтемеуді білдіретін қоғамдық тәртіпті бұзу қоғамдық тәртіпті тым өрескел бұзушылық болып танылуы мүмкін.

Сотта анықталғандай, А. қоғамдық орында көпшіліктің көзінше жәбірленуші Х.-ға «Сен неге жол бермейсің» - деп, себепсізден-себепсіз көпшіліктің көзінше тиіскен және сол қолының жұдырығымен ұрып жібергенде, соққысы ажыратып жүрген досы Ч.-ға тиген. Жәбірленушіні оң және сол қолымен қайтадан ұрғанда, соққылары ешкімге тимеген. Бұдан кейін жанар-жағармай құю орында тұрған орындықты алып, жәбірленушіге лақтырғанда, жәбірленуші еңкейіп қалып, тимей қалған. Сол сәтте А. сол қолының жұдырығымен жәбірленушіге бағыттап 2 рет соққы жасаған. Бірінші соққысы жәбірленушінің оң жақ қабағын жарақаттаған. Осыдан кейін А.-ны достары ажыратып, өздерінің автокөліктеріне отырып, оқиға орнынан кетіп қалған.

Сонымен қатар наразылықтың бейнежазбаны алу туралы тапсырма бермей, алу тәртібі бұзылды деген бөлігі де негізсіз.

2021 жылғы 12 маусымдағы оқиға болған жерді қарау хаттамасына сай оқиға болған жердегі бейнетаспа куәгерлердің, криминалист Х.-ның қатысуымен «Panasonic» бақылау камерасына жазылып алынған, ал жазба 1 дана дискіге басылып, іске айғақ зат ретінде тіркелген.

Наразылықта келтірілген қылмыстық іс сотқа дейінгі тергеп-тексеруде анықтау нысанында жүргізілді деген бөлігі де негізсіз болып табылады.

Қылмыстық істегі құжаттарға сәйкес Сарыағаш АПБ-нің бастығы С.-ның 2021 жылғы 14 шілдедегі қаулысымен А.-ға қатысты қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу тағайындалған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы сотталған А.-ға қатысты жергілікті соттардың сот актілерін өзгеріссіз қалдырды.

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы қанағаттандырусыз қалдырылды.

Назначение наказания

Согласно пункту 1) части 1 статьи 55 УК, если статья Уголовного Кодекса, по которой лицо признано виновным, предусматривает менее строгий, чем лишение свободы, основной вид наказания, лишение свободы не назначается при осуждении лица за совершение преступления средней тяжести в случае, когда лицо добровольно возместило имущественный ущерб, загладило моральный и иной вред, причиненный преступлением

24 января 2023 года

№ 2уп-356-22

Приговором суда № 2 г.Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанской области от 18 августа 2022 года:

А., ранее судимый приговором суда № 2 г.Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанской области от 22 июня 2020 года по пунктам 2), 3) части 3 статьи 188 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 3 годам ограничения свободы с установлением пробационного контроля,

- осужден по части 1 статьи 188 УК к 1 году 6 месяцам лишения свободы.

На основании части 1 статьи 60 УК по совокупности приговоров к назначенному наказанию частично присоединена неотбытая часть наказания по приговору от 22 июня 2020 года и окончательно назначено 2 года лишения свободы, с отбыванием наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

Мера процессуального принуждения в виде обязательства о явке изменена на меру пресечения в виде содержания под стражей. А. взят под стражу в зале суда.

Срок к отбытию наказания исчислен со дня вступления приговора в законную силу.

Зачтено в срок отбытия наказания время содержания под стражей с 18 августа 2022 года до вступления приговора в законную силу из расчета один день содержания под стражей за полтора дня отбывания наказания в виде лишения свободы в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

С осужденного взыскан в Фонд компенсации потерпевшим принудительный платеж в сумме 45 945 тенге.

Приговором суда А. признан виновным в тайном хищении чужого имущества.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Восточно-Казахстанского областного суда от 4 октября 2022 года приговор суда оставлен без изменения.

Как следует из материалов уголовного дела и приговора суда, 10 июля 2022 года около 14:00 часов А. из подъезда № 8 дома № 12, расположенного по ул.Бурова г. Усть-Каменогорска, тайно похитил с лестничной площадки детский трехколесный велосипед темно-синего цвета, марки «QPLFY», принадлежащий Ж., тем самым причинив потерпевшему материальный ущерб на сумму 30 000 тенге.

Дело расследовалось в ускоренном досудебном производстве, а судебное разбирательство проведено в сокращенном порядке.

Исходя из установленных обвинительным приговором обстоятельств уголовного дела, преступные деяния осужденного А., признанные доказанными судом, квалифицированы правильно по части 1 статьи 188 УК.

Согласно пункту 1) части 1 статьи 55 УК, если статья Уголовного Кодекса, по которой лицо признано виновным, предусматривает менее строгий, чем лишение свободы, основной вид наказания, лишение свободы не назначается при осуждении лица за совершение преступления средней тяжести в случае, когда лицо добровольно возместило имущественный ущерб, загладило моральный и иной вред, причиненный преступлением.

Вышеуказанные требования закона судом не были соблюдены.

Материалами дела установлено, что в ходе досудебного расследования на основании признательных показаний А., указавшего, где и кому был продан велосипед, впоследствии он был изъят и возвращен потерпевшему. В результате этого иск потерпевшим заявлен не был.

Совершенное А. уголовное правонарушение относится к категории преступлений средней тяжести.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменила судебные акты местных судов в отношении А.

На основании пункта 1) части 1 статьи 55 УК назначила А. наказание по части 1 статьи 188 УК в виде ограничения свободы сроком на 1 (один) год 6 (шесть) месяцев.

В соответствии с частью 1 статьи 60 УК по совокупности приговоров, к назначенному наказанию частично присоединена неотбытая часть наказания по приговору суда № 2 г.Усть-Каменогорска Восточно-Казахстанской области от 22 июня 2020 года и окончательно назначено к отбытию 2 (два) года ограничения свободы.

На основании частей 1, 2 статьи 44 УК установлен в отношении А. пробационный контроль сроком на 2 (два) года и возложено исполнение следующих обязанностей: не менять постоянного места жительства, работы без уведомления уполномоченного государственного органа, осуществляющего контроль за поведением осужденного; не посещать

увеселительные заведения, осуществляющие продажу алкогольной продукции (кафе, рестораны, бары), если это не связано с работой.

На основании части 1 статьи 44 УК А. привлечен к принудительному труду по сто часов ежегодно в течение всего срока отбывания наказания.

А. немедленно освобожден из-под стражи.

На основании пункта 2) части 3-1 статьи 62 УК зачтено А. в срок отбытия наказания время содержания его под стражей с 18 августа 2022 года до вступления приговора в законную силу из расчета один день содержания под стражей к двум дням отбывания наказания в виде ограничения свободы.

На основании пункта 1) части 6 статьи 62 УК зачтено А. в срок отбытия наказания отбытый срок со дня вступления приговора в законную силу до момента его освобождения из-под стражи из расчета один день лишения свободы за один день ограничения свободы.

В остальной части судебные акты оставлены без изменения, ходатайство осужденного А. удовлетворено.

Назначение наказания

Лишение осужденного права работать в той или иной отрасли либо в каких-либо учреждениях, организациях без определения круга должностей, занимать которые он не вправе, является недопустимым

10 января 2023 года

№ 2уп-323-22

Приговором Энбекшинского районного суда города Шымкента от 14 октября 2021 года:

О. осужден по части 3 статьи 28, части 3 статьи 216 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 4 годам лишения свободы с отбыванием наказания в учреждениях уголовно-исполнительной системы минимальной безопасности.

Р., С., З., Ж., Д., И., Х., А. осуждены по части 5 статьи 28, части 3 статьи 216 УК к различным срокам лишения свободы.

На основании статьи 63 УК назначенное С., З., Ж., Д., Х. наказание в виде лишения свободы постановлено считать условным.

Р. отбывание наказания определено в учреждениях уголовно-исполнительной системы минимальной безопасности.

В действиях И. на основании пункта 1) части 2 статьи 14 УК признан опасный рецидив преступлений, отбывание наказания определено

в учреждениях уголовно-исполнительной системы чрезвычайной безопасности.

В действиях А. на основании части 1 статьи 14 УК признан рецидив преступлений, отбывание наказания определено в учреждениях уголовно-исполнительной системы максимальной безопасности.

М., Ю., Щ. осуждены по части 5 статьи 28, по пункту 2) части 2 статьи 216 УК к 2 годам 6 месяцам ограничения свободы.

Т., ранее судимый, осужден по части 5 статьи 28, пункту 2) части 2 статьи 216 УК к 2 годам 2 месяцам лишения свободы с отбыванием наказания в учреждениях уголовно-исполнительной системы минимальной безопасности.

Назначено О., Р., М., С., З., Т., Ж., Д., И., Ю., Х., А., Щ. дополнительное наказание в виде лишения права заниматься предпринимательской, а О. и Т. финансовой и бухгалтерской деятельностью.

Приговор суда в апелляционном порядке не пересматривался.

Судом осужденные признаны виновными в пособничестве в выписке счетов-фактур без фактического выполнения работ, оказания услуг, отгрузки товаров с целью извлечения имущественной выгоды, причинившей особо крупный ущерб государству, совершенный неоднократно, в группе лиц по предварительному сговору.

Выводы суда о доказанности вины осужденных О., Р., М., С., З., Т., Ж., Д., И., Ю., Х., А., Щ. в инкриминированном им деянии при обстоятельствах, изложенных в приговоре, соответствуют фактическим обстоятельствам дела и основаны на исследованных в судебном заседании доказательствах.

Судом действия осужденных квалифицированы правильно.

Наказание осужденным назначено в соответствии с требованиями статьи 52 УК, с учетом характера и степени общественной опасности содеянного, обстоятельств, смягчающих их уголовную ответственность и наказание.

Вместе с тем, приговор суда подлежит изменению ввиду неправильного применения уголовного закона.

Согласно части 1 статьи 50 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан лишение права занимать определенную должность или заниматься определенной деятельностью состоит в запрещении занимать определенные должности на государственной службе, в органах местного самоуправления, финансовых организациях либо заниматься определенной профессиональной или иной деятельностью.

В соответствии с пунктом 22 нормативного постановления Верховного Суда от 25 июля 2015 года № 4 «О некоторых вопросах назначения уголовного наказания» (далее – нормативное постановление), на основании положений статьи 50 УК не допускается назначение лишения

права занимать определенные должности и заниматься определенной деятельностью одновременно за одно и то же преступление.

В нарушение этих требований нижестоящий суд осужденным О. и Т. назначил два дополнительных наказания в виде лишения права заниматься предпринимательской, а также финансовой и бухгалтерской деятельностью.

Кроме того, всем осужденным судом назначено дополнительное наказание в виде запрета на занятие предпринимательской деятельностью.

В силу пункта 4 статьи 26 Конституции Республики Казахстан каждый имеет право на свободу предпринимательской деятельности, свободное использование своего имущества для любой законной предпринимательской деятельности.

В соответствии со статьей 2 Предпринимательского кодекса Республики Казахстан предпринимательская деятельность может быть ограничена исключительно законами Республики Казахстан.

Согласно пункту 22 нормативного постановления в резолютивной части приговора должности или вид деятельности должны быть указаны конкретно. Недопустимо лишать осужденного права работать в той или иной отрасли либо в каких-либо учреждениях, организациях без определения круга должностей, занимать которые он не вправе.

Однако суд необоснованно лишил осужденных права заниматься предпринимательской деятельностью в целом.

При таких обстоятельствах судебный акт в отношении О., Р., М., С., З., Т., Ж., Д., Х., И., Ю., Х., А., Щ. подлежит изменению с отменой дополнительных наказаний в виде лишения права заниматься предпринимательской, а в отношении О. и Т. также финансовой и бухгалтерской деятельностью.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменила судебные акты местных судов в отношении О., Р., М., С., З., Э., Ж., К., Ю., К., Ю., Х., А., Щ.

Отменила назначенное О., Р., М., С., З., Т., Ж., Д., И., Ю., Х., А., Щ. дополнительное наказание в виде лишения права заниматься предпринимательской, а О. и Т. финансовой и бухгалтерской деятельностью.

В остальной части приговор оставлен без изменения.

Протест Генерального Прокурора Республики Казахстан удовлетворен частично.

Рецидив преступлений

При назначении наказания по правилам части шестой статьи 58 УК судимости по приговорам за эти преступления учитываются при признании рецидива как одна судимость

31 января 2023 года

№ 2уп-367-22

Приговором районного суда № 2 Медеуского района г.Алматы от 16 ноября 2020 года:

А. ранее судима:

1) 25 ноября 2016 года по пункту 1) части 3 статьи 190 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 4 годам лишения свободы;

2) 12 декабря 2016 года по пункту 2) части 2 статьи 190 УК, на основании части 6 статьи 58 УК к 4 годам лишения свободы;

3) 16 февраля 2017 года по пункту «б» части 3 статьи 177 УК (в редакции Закона Республики Казахстан от 16 июля 1997 года №167-1), по пунктам 1), 2) части 2 статьи 190, на основании частей 3, 6 статьи 58 УК к 4 годам 8 месяцам лишения свободы, в соответствии с частью 1 статьи 4 Закона Республики Казахстан «Об амнистии в связи с двадцатипятилетием Независимости Республики Казахстан» от 13 декабря 2016 года окончательно к 2 годам 4 месяцам лишения свободы, 2 февраля 2018 года освобождена по отбытию наказания,

- осуждена по пунктам 3), 4) части 3 статьи 190 УК к 5 годам лишения свободы с отбыванием наказания в учреждениях уголовно-исполнительной системы максимальной безопасности.

Срок наказания исчислен со дня вступления приговора в законную силу.

На основании пункта 1) части 3 статьи 62 УК время содержания под стражей с 23 мая 2020 года до вступления приговора в законную силу зачислено в срок наказания из расчета один день за один день отбывания наказания в виде лишения свободы в учреждениях максимальной безопасности.

В действиях А. в соответствии с пунктом 1) части 2 статьи 14 УК признан опасный рецидив преступлений.

Постановлено взыскать с А. в Фонд компенсации потерпевшим принудительный платеж в размере 55 560 тенге.

Приговором суда А. признана виновной в мошенничестве, то есть хищении чужого имущества, совершенном путем обмана и злоупотребления доверием, неоднократно.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Алматинского городского суда от 13 января 2021 года приговор суда оставлен без изменения.

Выводы суда о виновности осужденной А. в инкриминируемом ей деянии при обстоятельствах, изложенных в приговоре суда, являются правильными и основаны на совокупности доказательств, исследованных в судебном заседании, что также не оспаривается в ходатайстве осужденной.

Действия А. правильно квалифицированы по пунктам 3), 4) части 3 статьи 190 УК.

Назначенное осужденной наказание соответствует требованиям статьи 52 УК, назначено с учетом характера и степени общественной опасности совершенного уголовного правонарушения, данных о личности виновной, обстоятельств, смягчающих наказание: признание вины и чистосердечное раскаяние, наличие малолетнего ребёнка.

Таким образом, при назначении наказания А. судом в полной мере учтены положения уголовного закона о его индивидуализации и справедливости.

В соответствии с пунктом 3) части 1 статьи 485 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан одним из оснований к пересмотру в кассационном порядке вступивших в законную силу судебных актов является неправильное применение уголовного и уголовно-процессуального законов, которое повлекло неправильное определение вида рецидива и режима исправительного учреждения уголовно-исполнительной системы.

Согласно пункту 21 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 25 декабря 2007 года № 8 «О применении судами законодательства о рецидиве преступлений», в случаях, когда по предыдущему или по последнему приговору окончательное наказание подсудимому определялось по правилам, предусмотренным частью шестой статьи 58 УК, то судимости по нескольким приговорам за эти преступления учитываются при признании рецидива как одна судимость по совокупности уголовных правонарушений.

Суд признал наличие в действиях осужденной А. опасного рецидива преступлений.

Однако ранее осужденной А. наказания назначались с применением требований части 6 статьи 58 УК, что не было учтено судом при признании в ее действиях опасного рецидива преступлений.

Таким образом, совершение А. тяжкого преступления при наличии у нее предыдущей судимости за совершение тяжкого преступления, за которое она отбывала лишение свободы в соответствии с частью 6 статьи 58 УК, образует рецидив преступлений, а не опасный рецидив преступлений.

Ввиду этого указание об опасном рецидиве подлежит исключению из приговора.

Кроме того, согласно пункту 2) части 5 статьи 46 УК женщинам, совершившим особо тяжкое преступление, а также при рецидиве преступлений отбывание лишения свободы назначается в учреждениях уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан изменила судебные акты местных судов в отношении А. и отменила признание в действиях А. опасного рецидива преступлений с признанием в ее действиях на основании части 1 статьи 14 УК рецидива преступлений.

Отменила А. отбытие наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы максимальной безопасности с назначением осужденной отбытие наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы средней безопасности.

В остальной части судебные акты оставлены без изменения, ходатайство осужденной А. удовлетворено частично.

Законность и обоснованность приговора

Приговор суда апелляционной инстанции признан законным и обоснованным

24 января 2023 года

№ 2уп-364-22

Апелляционным приговором судебной коллегии по уголовным делам суда города Нур-Султана от 25 января 2022 года:

Н., ранее не судимый, осужден по части 1 статьи 361 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 1 году 6 месяцам ограничения свободы с привлечением к принудительному труду сроком на 100 часов в год, с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе, судьи, в органах местного самоуправления, Национальном Банке Республики Казахстан и его ведомствах, уполномоченном органе по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, государственных организациях и субъектах квазигосударственного сектора.

В соответствии с частью 2 статьи 49 УК лишён специального звания – подполковника полиции органов внутренних дел.

В соответствии с подпунктом 1) пункта 1 статьи 2 Закона Республики Казахстан «Об амнистии в связи с тридцатилетием Независимости Республики Казахстан» освобожден от основного наказания в виде ограничения свободы сроком на 1 год 6 месяцев.

Взыскан с Н. в Фонд компенсации потерпевшим принудительный платеж в размере 26 510 тенге.

Приговором суда Н. признан виновным в злоупотреблении должностными полномочиями, то есть в использовании своих должностных полномочий вопреки интересам службы в целях извлечения выгод и преимуществ для себя или других лиц, повлекшем причинение существенного вреда правам и законным интересам организаций и охраняемым законом интересам государства.

Выводы суда о виновности Н. в инкриминируемом ему деянии при обстоятельствах, изложенных в апелляционном приговоре суда, основаны на совокупности собранных по делу допустимых и достоверных, объективно исследованных в судебном заседании доказательств и соответствуют фактическим обстоятельствам дела.

Вина Н. в инкриминируемом ему деянии доказывается признательными показаниями самих осужденных, данными в ходе досудебного расследования, которые согласуются с показаниями свидетелей К., З., О., Д., Б., А., Р., Т., Э., специалиста М., протоколами исследования, оценками и приобщенными результатами НСД, прослушивания аудиозаписи и идентификации голоса, вещественными доказательствами, отчетом специалиста-аудитора, письмом ТОО «Г», а также совокупностью других доказательств по делу, которым судом дана надлежащая правовая оценка.

Достоверность перечисленных выше доказательств сомнения не вызывает, поскольку они согласуются между собой, дополняют друг друга и получены в порядке, установленном уголовно-процессуальным законом.

Доводы ходатайства о том, что следствием не был установлен причиненный материальный ущерб, несостоятельны, поскольку в суде установлено, что Н. реализовал талоны ГСМ, которые он сэкономил за счёт ненадлежащего учета выдачи, тогда как весь ГСМ должен быть использован на нужды структурных подразделений Департамента полиции г. Нур-Султан. Реализация ГСМ, принадлежащего Департаменту полиции г. Нур-Султан, повлекла причинение существенного вреда правам и законным интересам организаций и охраняемым законом интересам государства на сумму 1 472 431,5 тенге.

Доводы ходатайства адвоката о незаконной регистрации в ЕРДР голословного заявления Э., не подтвержденного актами проверок, ревизий, когда их наличие является обязательным признаком уголовного правонарушения, несостоятельны.

В заявлении Ә. при обращении в органы Антикоррупционной службы от 22 августа 2020 года указано о необходимости привлечения должностных лиц Полка патрульной полиции по факту хищения бюджетных средств путём реализации (обналичивания талонов ГСМ) и расходования их на личные нужды.

В данной ситуации неправильная регистрация рапорта по статье 366 УК как получение взятки, состав уголовного правонарушения которой не указывался, не является существенным нарушением требований статьи 179 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан.

По данному делу имелись все основания для регистрации рапорта по статье 361 УК как злоупотребление должностными полномочиями, влекущим существенный вред интересам государства и проведения соответствующей проверки, что не требует проведения ревизий, аудита.

Действия осужденного квалифицированы правильно.

Судебная коллегия по уголовным делам Верховного Суда Республики Казахстан оставила без изменения приговор суда первой инстанции в отношении Н.

Ходатайство адвоката К. в интересах осужденного Н. оставлено без удовлетворения.

Назначение наказания

При неопределенном умысле виновного следует исходить из фактически причиненного вреда

31 января 2023 года

№ 2уп-369-22

Приговором специализированного межрайонного суда по уголовным делам Северо-Казахстанской области от 29 декабря 2021 года:

А., ранее судимая приговором суда от 12 декабря 2012 года по части 3 статьи 103 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее – УК) к 6 годам лишения свободы, освобождена из мест лишения свободы 11 июля 2016 года на основании части 2 статьи 72 УК условно-досрочно сроком на 2 года 2 месяца 20 дней,

- осуждена по части 3 статьи 24, части 1 статьи 99 УК к 9 годам лишения свободы с отбыванием наказания в учреждении уголовно-исполнительной системы максимальной безопасности.

На основании пункта 2) части 2 статьи 14 УК в действиях А. признан особо опасный рецидив преступлений.

С осужденной А. взысканы в доход государства процессуальные издержки за производство экспертиз в сумме 259 146 тенге, в Фонд компенсации потерпевшим принудительный платеж в размере тридцати месячных расчетных показателей в сумме 87 510 тенге.

Приговором суда А. признана виновной в покушении на убийство потерпевшего К.

Постановлением судебной коллегии по уголовным делам Северо-Казахстанского областного суда от 8 февраля 2022 года приговор суда оставлен без изменения.

